



ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

Анатомия кафедрасы

Дене бетінен ірі қантамырлардың проекциясын ,
олардың басатын орындарын анықтау.



Орындаған: 2-16 топ студенті Бәтенова Ұ.Ғ
Тексерген: Тулеуова Гульхан Қайырбаевна

Қарағанды – 2015

Жоспар

Кіріспе

Негізгі бөлім


1 Денедегі ірі қантамырлар

1.1 Ірі қантамырлардың пальпациясы


Қорытынды

Қолданылған әдебиеттер

Қан тамырлар (лат. vasa sanguinea) - организмнің жүрек - тамырлар жүйесіне жататын, қабырғасы серпімді келген түтүкше мүшелер. Олар қанды жүректен мүшелерге (**артериялар**) және мүшелерден жүрекке (**веналар**) тасымалдайтын жасушалық, ұлпалық, мүшелік деңгейде зат алмасу процесін қамтамассыз етеді.




Пальпация – медицинада кеңінен қолданылатын физиологиялық диагностиканың әдісі. Пальпация бұл денені, мүшені сипап және басу арқылы оның қалпын, құрылысындағы өзгерістерін анықтауға негізделеді.




Ірі қан тамырлар

- 1 – беткей самай;
- 2 – сыртқы жоғарғы жақ;
- 3 – сыртқы ұйқы;
- 4 – бұғанаасты;
- 5 – қолтық асты;
- 6 – иық;
- 7 – кәрі жілік;
- 8 – шынтақ;
- 9 – сан;
- 10 – алдыңғы асықты жілік;
- 11 – сыртқы табан артериясы.




Беткей самайлық артерия (лат. *A. temporalis superficialis*)

Құлақ төмбешігінен 1 см алға қарай, самай сүйегінің беттік өсіндісіне басылады, самай аймағын пальпациялайды.




Сыртқы жоғарғы жақ артериясы (лат. *A. maxillaris externa*)




төменгі жақ
бұрышынан 2 см алға
қарай басылады

Сыртқы ұйқы артериясы (лат. *A. carotis externa*)



Бармақты аттас мойын үшбұрышындағы алтыншы мойын омыртқасының көлденең өсіндісіне жанасады. Қалқанша шеміршегінің жоғарғы жиегі деңгейіндегі бас изеу бұлшықетінің ішкі жиегінен немесе төменгі жақтың бұрышынан пальпацияланады.


Бұғанаасты артериясы (a. subclavia)



Төс – бұғана- емізік бұлшықетінің бекитін жеріндегі бірінші қабырғаға жанасады. Бас изеу бұлшықетінің сыртқы жиегіндегі бұғана үстін немесе бұғана асты шұңқырының латеральды аймағын пальпациялайды.



Қолтық асты артериясы (лат. A. Axilláris)

Қолтық шұңқырындағы тоқпан жілік сүйегінің басына жанасады. Қолды горизонталды бағатта қойғаннан кейін тоқпан жілік сүйегінің басының деңгейіндегі қолтық шұңқырын пальпациялайды





Иық артериясы (лат. *A. brachialis*)

Екі басты бұлшықеттің ішкі жиегіндегі жүлге бойында, иық сүйегінің ішкі беткейіне жанасады. Жазылған қол қалпындағы шынтақ шұңқырынан жоғарылау, екі басты бұлшықеттің медиальды жүлгесінде пальпацияланады.




Шынтақ және кәрі жілік артериясы (a. ulnaris, a. radialis)



Шынтақ артериясы кәрі жілік сүйегіне қарама - қарсы шынтақ сүйегіне жанасады.

Кәрі жілі артериясы білектің төменгі үштен бір бөлігіндегі тамыр соғысының байқалатын жерінде кәрі жілік сүйегіне жанасады. Кәрі жілік артериясының тамыр соғу жерімен бірге пальпациялайды

Сан артериясы (лат. A. femoralis)






Шат қатпарының ортасына қарай орналасқан жамбастық қасаға сүйегіне жұдырықпен жанасады.



Тізе асты артериясы және алдыңғы асықты жілік артериясы (a. poplitea, a.tibialis anterior)

Алдыңғы асықты жілік артериясы медиальды толарсақтан 1 см төмендеу жанасады.

Тізе асты артериясы ортан жіліктің дистальді эпифизіне, тізе асты щұңқырына жанасады.



Ірі қантамырлар проекциясы топографиялық анатомияның маңызды бөлімі. Оның медицинада диагностикалық маңызы өте зор. Қан тамырлардың орналасуын біле тұра операция кезінде тамырларды бүлдіріп алмаудан сақтайды, сонымен қоса қан кетуді тоқтату кезінде, пальпация мен аускультация кезінде дұрыс диагноз қоюға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер.

1. Сапин М.Р. Адам анатомиясы, 2006 жыл
2. Неттер Френк. Адам анатомиясының атласы, 2007 жыл
3. Гайворонский И.В. Қалыпты адам анатомиясы, 2007 жыл
4. <http://anatomy-atlas.ru>
5. <http://www.spravochnik-anatomia.ru>